

ӘЖІНИАЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАҚЫРЫБЫ

Рақымжан Тұрысбек

филология ғылымдарының докторы,
профессор Л.Н Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
Қазақстан: Астана (rst58@mail.ru)

Аңдатпа: Мақалада бауырлас халықтар – қазақ-қарақалпақ елдерінің арғы-бергі тарихы, мәдени-рухани арналары, ортақ мұрат жолындағы жаңашылдығы мен жасампаздығы сөз етіледі. Сонымен бірге, түркі халықтары әдебиеті, соның ішінде қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің талайғы тарихы мен даму үрдістері, әдеби-мәдени байланыстары, мұра мен мұратану мәселелері қазіргі кезеңнің талаптары тұрғысынан байыпты қарастырылады. Осы орайда, Әжанияз шығармашылығындағы Қазақстан тақырыбына да кең орын беріледі. Тақырыптық арналар, ізденіс іздері, жанр жүйесі мен көркемдік, мәтін құрылымы, тіл мен стиль мәні, ортақ ерекшеліктерге зор маңыз беріледі.

Кілт сөздер: әдебиет, тарих, түркі, тұлға, мұра, үрдіс, тіл, стиль.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы истории и тенденций развития литературы тюркских народов, в том числе казахско-Каракалпакской литературы, литературно-культурных связей, проблемы наследия и муратоведения с точки зрения требований современного периода.

Ключевые слова: литература, история, Тюрк, личность, наследие, тенденция, язык, стиль.

Abstract: The article examines the issues of history and trends in the development of literature of the Turkic peoples, including Kazakh-Karakalpak literature, literary and cultural ties, problems of heritage and Murat studies from the point of view of the requirements of the modern period.

Keywords: literature, history, Turkic, personality, heritage, trend, language, style.

Бауырластық негізі – әдеби байланыс...

Түркі дүниесінде, әсіресе қазақ-қарақалпақ халықтарының арғы-бергі тарихында ортақ тұстар, үндес жайттер, сабақтас сипаттар, тамырлас арналар көптеп кездеседі. Халық әдебиеті нұсқаларының («Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Көрұғлы», «Едіге», «Ер Қосай», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Шора батыр» т.т.) ортақ байланысы мен бірқатар нұсқаларын байқар едік. Нәзиралық үлгілер негізіндегі туындылар да кездеседі. Фольклорлық мұра мәні айқындалады. Бүгінгі әдеби үдеріс те сөз етіледі.

Осы орайда, Қарақалпақ тілін – профессор Н. А. Баскаков зерттесе, халық әдебиеті нұсқаларын – Қаалы Айымбетов кеңінен қарастырғанын да көпшілік біледі.

Бұдан басқа, «Қарақалпақ фольклоры» (20 том) – 1977-1990; «Қарақалпақ фольклоры» (100 том) – 2007- 2015 т.т. бірқатар еңбектер жарық көрді.

Орта Азия мен Қазақстан хақындағы Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов, Қ. Жұмалиев, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, М. Қаратаев, Р. Бердібай, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Тәжібаев, С. Сейітов, Ш. Сәтбаева, Ү. Сүбханбердина, У. Шалекенов, К. Салықов, С. Балғабаев т.б. зерттеу, мақалалары бір шоғыр жүйені құрайды. Бұдан бөлек, біліми арналарда, ғылыми диссертацияларда, конференция материалдарында қазақ-қарақалпақ халықтарының ортақ мұраттары, әдеби байланысы, тарихи сабақтастық пен дәстүр арналары, мәдени-рухани жалғастық тағылымы кеңінен көрініс тапты.

Сонымен бірге, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған – «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979), «Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы» (1981), «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988) т.с.с. ұжымдық монографиялардан халық әдебиеті мұраларын жинау мен жариялау ісін, ортақ дәстүр мен мәдениеттің даму кезеңдерін, бағыт-бағдарларын жіті тануға болады. Ал, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (он томдық) атты тәуелсіздік кезеңінде жазылып, жаңа уақыттың рухы айқын аңғарылатын еңбектің «Әдеби байланыстар», «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары», «Әдеби өмір шежіресі» сынды бөлімдерінен тарихи тамырластық Іәм мәдени-рухани байланыстың мың сан үлгі-өрнектері, алуан дереккөздері мен тың материалдар тарата сөз етіліп, кеше-бүгін мәселесі, маңыз-мәні кең түрде орын алады. Қазіргі әдеби үдеріске назар аударылады.

Осы орайда, Ж. Аймұрзаев, Т. Жұмамұратов, А. Бегімов, Н. Дәуқараев, М. Дәрібаев, Қ. Ереманов, Ә. Қосыбайұлы, Б. Қарғабайұлы, Т. Қайыпбергенов, А. Дабылов, С. Нұрымбетов, Т. Жұмамұратов, Қ. Жұмажанов, Қ. Аралбаев, К. Алламбергенов, Х. Сейітов, И. Юсупов т.б. есімі мен еңбектері қалың көпке кеңінен таныс. Ізденіс пен еңбектері де жұрт жадына жақын болды. Бұдан байқалатыны: «Орта Азия мен Қазақстанның рухани мәдениетінің өркендеуіндегі айырықша бір жәйт мынау: бүгінгі мәдениетіміз ғылым, өнер, әдебиет салаларының бәрінде де халықтарымыздың өткендегі рухани мәдениетінің таңдаулы дәстүрлерінен үнемі нәр алып отырады» [1, 418].

Күнқожа ақынның – Шерниязбен достығы, Күдері, Ұлбикемен айтыстары орын алады. Бердақ – «Айдос би» дастанын, Әжінияз өлең-жырларын қазақша жазғаны, негізгі бағыттары мен ерекшеліктері, басқа да өзекті жайттары тиісінше анық-қанық көрсетіледі

Бертінде, С. Тойшыбаеваның «Қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің байланысы» атты зерттеуі көпке жетті [2, 88]. Еңбектің тұтас мазмұнынан (үш тараудан тұрады: «Түбіміз бір ағайын», «Өрістес, өзектес әдебиет», «Туысқан тағдырлар») екі елдің мәдени-рухани қарым-қатнасы һәм әдеби байланысы кең түрде сөз болады. Бастапқы тұста, Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарихының терең тамырларына, руханият арналарына, әсіресе аңыз-әңгімелер (Қорқыт, Алдар көсе, Қожанасыр) мен «Көрұғлы», «Алпамыс батыр» сынды эпикалық эпостардың көпнұсқалығына, мәні мен мазмұнына кең орын беріледі.

Жазушы-драматург С. Балғабаевтың «Еншіміз бөлінбеген ел едік» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1989, 7 шілде) Қарақалпақ қазақтарының арғы-бергі тарихы, ортақ мұраттар мәні, мәдени-рухани өмірі, оқу-ағарту жайы, тұрмыс-тіршілігі кеңінен сөз етіледі. Автор іссапар барысында байқаған жайттарды, елдік мәселелерді қозғайды. Ал, «Қазақ әдебиетінің» қандастарға ықпалы» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 2024, 2 ақпан) Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қандастарымыздың мәдени-рухани, оқу-ағарту жағдайы, атажұртқа қоныс аудару ахуалы төңірегінде еске алады. Бірқатар жауапты орындарда арнайы сөз етілгені де тілге тиек етіледі. Дөңгелек үстел басында алқалы жиын, сұхбаттар өтеді. Алматыдағы тұңғыш Құрылтай, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының мәні, ұлттық мүдде тұрғысындағы сыр-сипаты да айтылады.

Ұстаз-ғалым Қайыржан Аралбаев «Бесқала өрнектері» атты зерттеулер мен мақалалар еңбегінде қазақ-қарақалпақ қарым-қатнасы, дәстүрі мен дүниетанымы, мәдениет мәйектері, тұрмыс-шіліктері туралы кең көлемде сөз қозғайды [3, 216].

Жыршы һәм өнертанушы Күнқожа Қайрулланың – «Жыр киесі қонған жер», «Бесқала қазақтарының әндері», «Бесқала қазақтарының күйлері» сынды мәтіндік һәм ноталық кітаптары мен «Бесқала жыршылық мәнері көмескіленіп барады» («Түркістан», 2020, 26 қараша; «Қырық қыз» - түркі халықтарына ортақ мұра» («Егемен Қазақстан», 2021, 13 сәуір) атты мақалаларында атажұрт мәні, Бесқала (қарақалпақ халқының ежелгі атауы) қазақтарының тарихы мен тағылымы, қандастарымыз жасаған мәдени-рухани байлық (жыраулық-жыршылық һәм күйшілік өнер, дастандар мен терме-толғаулар) төңірегіндегі ізденіс, еңбектері мәнді болып табылады. Бастысы, Бесқала акын-жыраулар шығармашылығы мен әнші-күйшілер мұрасын кең түрде қарастыруы, осы төңіректегі күрделі мәселелердің түйінін тарқату жолындағы ізденістері де мәнді екені анық. Ал, «Қырық қыз» - түркі халықтарына ортақ мұра» атты мақаласында

аталмыш эпостың оқиға өрімінен тыс, аңыз-әңгімелер желісіне, көлемі мен көркемдігіне, мазмұн жүйесіне ден қояды. «Қырық қыз» туралы аңыз-әңгімелер түркі жұртында, оның ішінде Орта Азия халықтарының біразында кездеседі десек те, аталған жырдың көлемді әрі көркем нұсқалары бүгінгі күнге қазақ пен қарақалпақ жыраулары арқылы жеткен» тұстарына басымдық береді. Бұдан басқа, жырдың ел-жерді қорғау идеясын, қарақалпақ арасында екі нұсқасы барын, әр жылдар басылымын, қырық санына қатысты түркі жұртына ортақ атау-ұғымдар сыры мен географиялық жағдаяттар мәнін, қаһарман қыздардың есімі мен ерліктерін айрықша атайды. Арғы тарих пен талайлы кезеңнің қыр-сыры кеңінен ашылады. Бірқатар баяндау өрісі ашылып, зерттеп-зерделеу, танып-талдау, салыстыру-салғастырулар жасалады. Ортақ мәні, ерекшеліктері кең түрде ашылады [4].

Ақын Б. Бабажанұлының «Бесқала жырлары» атты топтама өлеңдерінде ел мен жер, ауыл мен қала, адам мен оның еңбегі кеңінен көрініс береді. Әсіресе, Әмудің бер жағы мен ар жағы, Қоңырат пен Хожелі мәні, Хиуа мен Хорезм сипаты, Арал мен Мойнақ орны, Төлеген мен Есенғалиға қатысты ортақ тұстар еркін де кең тыныспен беріледі [5].

Әжінияз шығармашылығындағы Қазақстан тақырыбы

Түркі дүниесінің тарихнамасында – Орта Азия мен Қазақстан руханияты да айрықша орын алады. Осы орайда, Қазақ пен Қарақалпақ әдеби байланысының мәні зор. Ол, әсіресе фольклорлық арналардан бастап, қазіргі кезең әдебиетіндегі даму үрдістерінен де көптеп кездеседі. Тіпті, әдебиет пен мәдениет күндері, жекелеген ақын-жазушылар байланысы арқылы да кеңінен көрініс береді. Осы реттен алғанда, Қарақалпақ әдебиетінің классигі, танымал тұлға – Әжінияз Қосыбайұлы шығармашылығы, оның Қазақстанға қатысы да назар аудартады. Өмірбаян беттеріне ден қойсақ, Хиуадағы Құтлымұрат инақ, Шерғазы хан медреселерін бітірген. Орынбор, Троицк, Қазан, Уфа қалаларында болған. Қазақ жеріне де әлденеше рет жолы түскен. Ауыл аралап бала оқытқан. Құран хатым еткен, неке қиып, бала сүндеттеген. Ел тарихына назар аударып, дәстүр мен тұрмысына мән берген. Шалқар даласындағы Қожбан мырзаның ауылында бала оқытып, молдалық іспен айналысады. Ел аралап, өмірімен танысады. Бірқатар өлең-жыр жазады («Елдерім бар-ды», «Шықты жан», «Айрылмас», «Елді көрер күн бар ма екен», «Сәлем дегейсің», «Бозатау», «Бозатаулы Нәземим», «Дәурен болмады» т.т.).

Табын Қожбан мырзаға – «Елдерім бар-ды» өлеңін арнаған. Өлеңде ел-жер, отан мен отбасы, дала мен табиғат көріністері мол. Өз кезегінде – Қожбан Тама Меңеш қызбен Әжіниязды сөз жарысына шақырып, өз ара айтыстырған. Бұл - қыз бен жігіт айтысының мәнді тұстарының бірі. Әрі ел әдебиетінің белесті тұсын, маңызды қырларын құрайды.

Ал, «Шықты жан» өлеңінде – ел-жер көріністерінен өзге, Ақтөбе мен Орынбор арасы, Арал мен Жайық бойы, дала суреттері кең орын алған. Тақырыптық ерекшелік айқын, ізденіс іздері танылады, әрі идеялық-көркемдік мұраттар нақты көрінеді.

«Әжінияз бен Меңеш қыз» айтысы – қоғамдық жағдай мен кезең көріністерін, адам мұраты мен өмір мәнін, уақыт рухын терең танытады. Айтыстың бір нұсқасы – Ташкентте шыққан «Түркістан уәлаяты» газетінде басылды (1878, № 11-12). «Айтыс» жинағында басылды (1965, 2-том). «Қазақ халық әдебиеті» атты коптомдықта жарық көрді [6, 288].

Асылы, «Әжінияз бен Меңеш қыз» айтысы қыз бен жігіттің сыр-сұхбаты тұрғысынан өріс алады. «Қыз бен жігіт» айтысына тән – алғашқы кездесу-таныстық сипаттары, өз ара әзіл-қалжың өрісі, қайымдасу үлгісі, білім-білік, таным-түсінік мәні де едәуір орын алады. Осының негізінде, қоғамдық-әлеуметтік һәм отбасылық ахуал, азаттық пен бостандық мәні, тұрмыс-салт сырлары, өнер өрісі, өмір тағылымы, уақыт рухы кең өріс алады. Уақыт пен кеңістік жайы, елдік ұстаным мәні кеңінен көрінеді.

Алдымен екі ақынның алғашқы жүздесуі – кездейсоқ, тосыннан болады. Әжінияз ат үстінде, Меңеш қыз су жүзінде болғандықтан, қыз бен жігіттің кездесу-тілдесуі тосыннан өріс алып, өз ара сәлемі, ақыл-парасат пен әдеп-әдеті, тәлім-тәрбие арналары кең көлемде көрініс береді. Кезектесіп сөз алады. Сәлем мен сыйластық сырлары ашылады. Өмір, тұрмыс сырлары, ар-иман, көңіл толқыны, жүрек ісі де қозғалады. Кездейсоқ кездесу, көйлек мәні ортақ әңгіме өзегі етіледі. Құс сұңқары – бүркіт төңірегінде де едәуір әңгіме өріс алады. Екі ақын кездесуі, сөз сайысы сыры да осы.

Айтыс табиғатына еркін енсек, бастапқы тұста Әжінияз:

Кездейсоқ жау келсе де тартынбаған,
Көлдегі үйрек-қаздай қаңқылдаған.
Құдаша, сәлем бердім көруден-ақ,
Жүзің бар жазға таңдай жарқылдаған,-деп тіл қатады.

Су жүзінде толқынға толқын қосып, өз қызығымен таң-тамаша болып жүрген Меңеш қызға ту сыртынан айтылған сөздер тосын естілген-ді. Кезекті тұста:

Сізге мен суда тұрып назар салдым,

Ағаке, сәлеміңді қабыл алдым.

Кейінірек тұрыңыз, киінгенше,

Келгеніңді қапыда білмей қалдым,- деп өз жайынан хабардар етіп, сәлем сөзге де кең түрде мән береді. Қыз бен жігіттің қыр-сыры, наз-мұңы, шерлі шежіресі де тілге тиек етіледі. Әжінияз кезекті тұста: «Жолы ұзақ болса да жүрек жақын» екенін алға тартып, жан-жүрек сырын ашып, көңіл толқынын бүкпесіз білдіреді. Сөз арасында: «Атамыз – Әнес, Мәлік екі арыс, Қазақтармен біздің ел қарым-қатыс», -дегенді де айтады.

Меңеш кезекті тұста: «Құм шыжғырған кездерде құс көтеріп, Молдеке, сенің құсың не алады?»,- десе, Әжінияз: «Алдынан қашқан аңды құтқармайды, Жіберсем сендей жақсы қызды алады», -деп сұрақ-жауапты қыздырып, сөз асылын теріп, ой жүйесін бұзбай дамытып, үдете түседі. Екі ақын байланысы, сөз сайысы да осы тұстан танылады.

Араға бірер уақыт салып, Әжінияз бен Меңеш тойда кездеседі. Әжінияз келген кезден-ақ:

Қазақтың өлең айтқыш қызы қайда,

Біз келмей жалғыз өзі той бастаған?-деп өзінің осында екенін, айтыс өнеріне жауапты тұлға саналатынын бүкпесіз білдіреді. Мырза Қожбан тойға әкелгенін де айтып өтеді. «Мен де айтамын өлеңді Жиреншедей», -дегенді де едел-жедел жеткізеді. Меңеш Тамадағы Байтұрсынның қызы екенін тілге тиек етіп, қара өлеңнің көрігін қыздырады. «Қазақта жоқ өлеңге менен озған, Өлеңшіні көргенде арқам қозған», - дегенді ді жүрек төрінен сыр тартып, көңіл толқынымен табиғи жеткізеді. Өз кезегінде айттырылғанын, Бегештей жары барын да сөз етеді. Әжінияз болса, тиісті тұста: «Әкемнің қойған аты – Әжінияз, Сұрасаң қарақалпақ түп сүйегім», - дегенді айтады. Жасының 40-та екенін, үйінде жары барын, елтірі, сеңсең тері қажеттілігін де айтады. «Елтірі, сеңсең тері сұрап келдім», - дегені де сөз арқауына айналып, біраз жайтқа қозғау салады. Бегешті де шал сипатында біраз жерге апарады. Меңеш ар-иман, әдеп-дағды, тәлім-тәрбие арнасынан аспай, ел-жер, адам мұраты, өмірі мен еңбегін, отбасылық ахуалды ой-сөз жүйесінің өзегі етеді. Орайлы тұста, шырайлы қыздың мәні мен сипатын, киім үлгісін, сұлулық сырын, тіпті: «Мерекеде, көшкенде не мінеді?»,-дегенді сұрау

жүзінде жеткізеді. «Жігіті сіздің елдің қандай болар?»,-деген сұрақ та жұртқа жетеді. Әжінияздың жауабы:

Киеді көк сауырлап кебіс-мәсі,
Өңірінде өндірі моншақ, он түймесі.
Ат қосып айтта, тойда мінер арба,
Отырар қатарласып он-он бесі.

Немесе:

Жігіті біздің елдің болар қош-ақ,
Белінде алтын кемер, алмас пышақ,
Астында арғымақ ат арқыраған,
Үстінде ақ басты ер, басы шашақ

Бұдан басқа, қонақ мәні, қозы-саулық, тұсақ жайы да сөз етіледі. Қонақкәдеге қатысты әр бір мал орны, жүйе-реті де сөз болады. Адами мұраттар, сыйластық сырлары қозғалады. Адам факторы, бірлік-береке, достық пен сыйластық сырлары мәнді.

«Әжінияз бен Меңеш қыз» айтысы – қыз бен жігіттің кездейсоқ кездесуін ғана емес, қоғамдық жағдай мен заман шындығын, отан мен отбасылық жайды, әлеуметтік ахуалды, дәстүр мен тәрбие арналарын да кең түрде сөз етеді. Айтыс баяны бай, көркемдік нәрі мол, тіл өрнегі қырлы-сырлы өріс алады. Жанр талабы, тақырып мәні, көркемдік өрнегі бейнелі де бедерлі. Тақырып мәнді, жанр мен көркемдік нәрлі, ойлы өрнек мол.

Әжінияз шығармашылығындағы Қазақстан тақырыбы – ауқым-аясы кең, қоғам мен заман шындығы айқын, адам мұраты мәнді сипат алады. Екі ел байланысы да маңызды орынға ие болады. Бірлік пен береке, жастық пен достық, оқу-білім бағдарлары, ел-жерге көзқарас пен сағыныш, татулық пен туыстық сырлары мол. Бұл бүгін де мәнді...

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 20-том. - Алматы: Жазушы,1985. - 418 бет.
2. Тойшыбаева С. Қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің байланысы.- Алматы: Ғылым, 1977. - 88 бет.
3. Аралбаев Қ. Бесқала өрнектері. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Арыс, 2016. – 216 бет.
4. Қайрулла К. «Қырық қыз» - түркі халықтарына ортақ мұра // «Егемен Қазақстан», 2021, 13 сәуір.

5. Бабажанұлы Б. Бесқала жырлары // «Қазақ әдебиеті», 2021, 29 қазан.
6. Қазақ халық әдебиеті. Айтыс. Көп томдық. - Алматы: Жазушы, 1988. – 107-125 беттер.